ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 08 қараша №2301-23-00-2/1812 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Кубашева болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Табиғат» басшысы Калиев Адилбек Серикович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.А.Аманчина
Жауапкер А.С.Калиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 27 маусымдағы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде 03 шілдеде тараптар арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №90 шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер тапсырыс берушіге/талап қоюшыға жылу қазандығына жөндеу жұмыстарын жасауға міндеттенген.

Шарттың сомасы – 5 500 000 теңге, орындау мерзімі – шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 02 тамызға дейін болып белгіленген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары орындалмағанын, жұмыстар мерзімінде аяқталмағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы өкілі А.Аманчина сот отырысында талапты қуаттап, жауапкер жұмысты 02 тамызға дейін аяқтауы тиіс болғанын, алайда жөндеу жұмыстары бүгінгі күнге дейін орындалып, аяқталмағанын, шамамен 10 % жұмыс бүгінгі күні аяқталып тұрғанын, жауапкермен екі жылу қазандығы ауыстырылғанын, кафельдеп бастағанын, бірақ бүгінгі күні аяқталмағанын, батареяларды ағашпен қаптау жұмысы аяқталмағанын көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысында талапты мойындап, жұмыстың аяқталмағанын жоққа шығармай, тұрақсыздық айыбын төлеуге дайын екенін, біраз уақыт берілсе жұмысты аяқтайтынын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Тараптар арасында жасалған шартқа сәйкес, жауапкермен жұмыстар 02 тамызға дейін орындалуы тиіс болған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен шарттың міндеттемелері толық көлемінде орындалмаған, жөндеу жұмыстары бүгінгі күнге дейін аяқталмаған, яғни талап қоюшы шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылған.

Талап қоюшы заңда көзделген мерзімде сотқа жүгінген.

Бұл жағдайда сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы негізді деп танылып, қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 15.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2023, Сулы Балмуханова А. Р., 19.12.2023

2301-23-3-1/2101

АПК-нің 117,223-226 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Табиғат» басшысы Калиев Адилбек Сериковичті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Табиғат» басшысы Калиев Адилбек Серикович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Табиғат» басшысы Калиев Адилбек Сериковичтен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 15.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2023, судья Балмуханова А. Р., 19.12.2023

Судопроизводство